**№89 бұйрық**
**(көшірме)**

**2023 жылғы 01 қыркүйек**

**«Алматы облысы білім басқармасының**
**Балқаш ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің**
**«Бірлік орта мектебі» мемлекеттік коммуналдық мекемесі**

**Жас мамандарға тәлімгер**
**бекіту туралы**

1. «Тәлімгерлікті ұйымдастыру қағидаларын және тәлімгерлікті жүзеге асыратын педагогтерге қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі №160 бұйрығының 2-тарау, 12-тармақшасы негізінде Жас мамандарға әдістемелік көмек көрсету мақсатында төмендегі тәлімгерлер бекітілсін:

1.1. М.Мұхашқызы – тәлімгер – қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Г.Д.Омарова;

1.2. А.Ноғайбай – тәлімгер - бастауыш сынып мұғалімі К.Алтаева.

Мектеп директоры Г.Кембебаева

**№68 бұйрық**
**(көшірме)**

**01.09.2023 ж.**

**«Алматы облысы білім басқармасының**
**Балқаш ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің**
**«Бірлік орта мектебі» мемлекеттік коммуналдық мекемесі**

**Жас мамандарға тәлімгер бекіту және**
**тәлімгерге қосымша ақы төлеу туралы**

1. «Тәлімгерлікті ұйымдастыру қағидаларын және тәлімгерлікті жүзеге асыратын педагогтерге қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі №160 бұйрығының 2-тарау, 12-тармақшасы негізінде төмендегі тізімдегі тәлімгерге тәлімгерлікті жүзеге асырғаны үшін 2023 жылдың 01 қыркүйегінен бастап қосымша ақы төленсін:

1.1. А.Ноғайбай - тәлімгер- бастауыш сынып мұғалімі К.Алтаева.

Мектеп директоры Г.Кембебаева

Бекітемін
Мектеп директоры:
_______ Г.З. Кембебаева

**«Бірлік орта мектебі» МКМ**
**2023-2024 оқу жылында жас мұғалімдермен жүргізілетін жұмыстардың жылдық жоспары**

**Жас мамандармен жүргізілетін жұмыстың мақсаты:**

- педагогикалық шеберлікті арттыру және теориялық білімдерін жетілдіру сұрақтары бойынша мұғалімге практикалық көмек беру;
- жас мамандарды ұжымдық ортаға бейімдеу;
- әдістемелік көмек көрсету және жеке шығармашылық қызметін қалыптастыру;
- өзара сабаққа қатысу арқылы сабақ беру әдісін жетілдіру.

**Міндеттері:**

-жас маманның кәсіби және психологиялық бейімделуі үшін жағдай жасау;
-жас маманның оқыту- жас маманның оқу-тәрбие қызметін ұйымдастыру деңгейін арттыруға әдістемелік көмек көрсету;
-жас маманның шығармашылық қызметінің өзіндік өрнегін қалыптастыру үшін жағдай жасау;
-үздіксіз білім алуға қажеттілік пен ынталандыруды дамыту.

**Жұмыстың негізгі бағыттары**

-жұмыста пайдаланылатын нормативтік-құқықтық құжаттармен жұмыс;
-мектеп құжаттамасымен жұмысқа көмек көрсету;
-жұмыс бағдарламаларын, сабақ жоспарларын жасау және іске асыру бойынша кеңес беру;
-сабақты ұйымдастыруға көмек көрсету;

-болжау жұмыстарын жасауға және талдауға көмек көрсету;
-өзара сабаққа қатысу.

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1 | 1.Жас және жаңадан келген мұғалімдердің тізімін алу.<br>2. Тәлімгерлер тағайындау, жоспарын бекіту.<br>3.Жас мамандарды мектептің ішкі тәртіп ережелерімен, педагогикалық әдеп ережелерімен таныстыру<br>4. Оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру бойынша ,оқу бағдарламалар, нормативті-құқықтық құжаттармен таныстыру.<br>5. Күнтізбелік –тақырыптық жоспар, қысқа мерзімді жоспар құруға әдістемелік көмек көрсету .<br>6.Электронды журналын толтыруды үйрету. | қыркүйек | ДӘІЖО М.Шілдебай<br>«Жас маман» мектебінің жетекшісі А. Оспанова |
| 2 | Бірлестік жұмысына жас мамандарды тарту, әдістемелік көмек көрсету | үнемі | ДӘІЖО М.Шілдебай<br>«Жас маман» мектебінің жетекшісі А. Оспанова<br>Тәлімгерлер<br>ӘБ жетекшілері |
| 3 | Мектепішілік,аудан, облыс көлемінде өтетін семинар мен конференцияларға қатыстыру | уақытылы | ДӘІЖО М.Шілдебей |
| 4 | Біліктілік жетілдіру курстарына жіберу | уақытылы | ДӘІЖО М.Шілдебай |
| 5 | Жас мамандарды тәлімгер-ұстаздардың сабақтарына қатыстыру. | үнемі | ДӘІЖО М.Шілдебай<br>Тәлімгерлер |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Білім беру технологиялары мен әдістерін қолдану жолдарымен таныстыру | үнемі | ДӘІЖО М.Шілдебай<br>Тәлімгерлер |
| 7 | «Сабақты жоспарлау» әдістемелік кеңес беру | қыркүйек | ДӘІЖО М.Шілдебай<br>«Жас маман» мектебінің жетекшісі А.Оспанова<br>Тәлімгерлер |
| 8 | Жас маман портфолиосына қойылатын талаптарымен таныстыру | қазан | ДӘІЖО М.Шілдебай<br>«Жас маман» мектебінің жетекшісі А.Оспанова |
| 9 | Қысқа мерзімді жоспар әзірлеу бойынша практикум: сабақ жоспарлары | қазан | ДӘІЖО М.Шілдебай<br>Тәлімгерлер |
| 12 | Семинар –практикум: «БЖБ,ТЖБ әзірлеу бойынша ұсынымдар» | қараша | ДӘІЖО М.Шілдебай<br>Мектеп тренері |
| 13 | Жас мамандарды «Педагогикалық дебют» байқауына қатыстыру | қараша | ДӘІЖО М.Шілдебай |
| 18 | Жас мамандардың тәлімгерлердің сабақтарына қатысу | қаңтар | ДӘІЖО М.Шілдебай |
| 20 | І жартыжылдық қорытындысы /есеп/ | қаңтар | ДӘІЖО М.Шілдебай<br>«Жас маман» мектебінің жетекшісі А.Оспанова<br>Тәлімгерлер<br>Жас мамандар |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 21 | Жас мамандардың сабақтарына қатысу | үнемі | Мектеп әкімшілігі |
| 23 | Мерзімдік педагогикалық жариялымдарға шолу | ақпан | Кітапханашы |
| 24 | Психологиялық сағат: сабақтағы тәртіп мәселелері | наурыз | Педагог-психолог |
| 25 | Практикум: Педагогикалық жағдайларды шешу | наурыз | ДӘІЖО М.Шілдебай<br>«Жас маман» мектебінің жетекшісі |
| 26 | Жас мамандар онкүндігін өткізу | Сәуір | ДӘІЖО М.Шілдебай |
| 27 | Практикум: «Педагогтың ата-аналармен жұмыс мазмұны, формалары, әдістері» | сәуір | «Жас маман» мектебінің жетекшісі |
| 28 | Жас мамандарға психологиялық көмек көрсету.<br>Психологиялық тренингтер ұйымдастыру. | үнемі жоспар бойынша | педагог-психолог |
| 29 | «Жас маман-2024» байқауына қатысу | сәуір | ДӘІЖО М.Шілдебай<br>Тәлімгерлер |
| 30 | «Жас маман» мектебінің жұмысының жылдық қорытындысы | мамыр | ДӘІЖО М.Шілдебай<br>Тәлімгерлер<br>«Жас маман» мектебінің жетекшісі |

дұрыстығын тексертті. Қатемен жұмыс жүргізілді. Кері байланыс геометриялық фигураларды таңдау арқылы жүргізілді.Осы сабақтан кейін жас маман мен тәлімгердің арасында кәсіби сұхбат жүргізілді. Сабақта оқушының жауабын толықтырып отыру және терең ойлануына мүмкіндік беру. Белгілі бір тапсырма ұсынғанда жұмыс алгоритімін ұсыну керектігі айтылды. Жас маманмен сабақ кезеңдеріне қатысты сұрақтардың жауабын талқылап өзара ой бөлістік.

Тарау, тақырып бойынша дидактикалық материалдарды дайындауда тиімді тапсырмаларды таңдауда, үлгілі сабақ тақырыбын таңдап, оның жоспарын дайындауда жас маманға көмек көрсетілді, әрбір өткізілген сабақтан кейін SWOT талдау жасалынды. Жас маман өз пәні бойынша үнемі ізденісте болуын ескере отырып, пән мұғалімдерінің сабақтарына қатысып, тәжірибе алмасты.

Сондай-ақ мектепішілік, аудандық шараларға белсенді қатысып, тәжірибесін жетілдіруде көмек ұйымдастырылды. Атап айтқанда 9 ақпан күні аудандық білім бөлімінің ұйымдастыруымен өткен «Мен таңдаған мамандық» атты аудандық жас мамандар семинарында Ноғайбай Анас қатысты. Семианарда 7 сынып білім алушыларымен «Екі өрнектің қосындысының және айырмасының квадраты» тақырыбында сабақ өткізді. Сабақта «Kahoot», «LearningApps.» т.б тиімді платформаларды қолдана отырып өткізді



Сабақты тиімді жоспарлаудың нәтижесінде сабақ жоғары деңгейде өтті. Семинарда Анас Алмасұлы аудандық білім бөлімінің алғыс хатымен марапаталды.

**«Бірлік орта мектебі» мкм бойынша 2023-2024 оқу жылында жас маманмен жүргізілген жұмыс туралы**
**Хабарлама**

**Жас маман: Ноғайбай Анас Алмасұлы- математика пәнінің мұғалімі.**

Санаты: педагог. М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университетін бітірген. Мұғалімнің өзекті мәселесі: Білім алушылардың зейінін, қиялын, интеллектісін дамыта отырып,ойлау мүмкіндігінің ең жоғарғы деңгейіне жеткізу.

Жас маманмен жүргізілген жұмыстың мақсаты: Мұғалімнің педагогикалық шеберлігі мен шығармашылығын қалыптастыра отырып, қазіргі оқыту талабына сай педагогты дайындау.

Оқу жылының басында Жас маман туралы толық мәлімет жинақталды. Жас маманның өз мамандығына деген көзқарасын,кәсіби деңгейін анықтау мақсатында сауалнама алынды. Сауалнама қорытындысы бойынша бірлескен жұмыс жоспары жасалды. Тәлімгер мен жас маманның арасында кәсіби сұхбат жүргізіліп, жас маманның күнтізбелік жоспарын жасауына әдістемелік көмек берілді.Мектеп әкімшілігі,тәлімгер тарапынан күнделікті сабақ жоспарының мақсатты жасалуына бағыт беріліп, оқу үрдісін қалыптастыру мәселелері бойынша әдістемелік көмек көрсетілді. Оқу процесі кезінде Анас кез келген басқа жас маман сияқты мақсатына жету үшін маңызды кәсіби сапаларын көрсетті. Атап айтқанда: оқу – танымдық атмосфера жасау, пайдаланылатын оқыту әдістері, оқушылардың сабақта жұмыс істеуі, сабақтың тәрбиелік жағы, мұғалім мен оқушылардың қарым – қатынасы.

Күнделікті жұмыс формаларын өзгерте отырып, алдыға қойылған мақсатқа жетуде нәтижеге бағытталған тапсырмалар берілді. Жас маман тәлімгердің сабағына қатысып, өз ойымен бөлісті. Тәлімгер ретінде Анастың бірнеше сабағына қатыстым.

8 қараша күні 8 «А» сыныбында «Квадрат теңдеулерді шешу» тақырыбында өткен сабағына қатыстым. Сабақтың бастапқы бөлігінде мұғалім ой қозғау жасап бейнежазба көрсетті. «Пирамидалық талқылау » әдісін қолданып топтық жұмыс орындатып жаңа сабақты түсіндірді. Әр тапсырмадан кейін геометриялық фигуралар арқылы бағалау жүргізіліп, оқулық, тақта, дәптермен жұмыстар орындалды. «Математикалық күнделік» арқылы кері байланыс болды. Жас маманға бағалау критерийлерін нақты қою керек және әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану керек деген ұсыныс айтылды.

6- желтоқсан күні «Теңдеулерді шешу» тақырыбында өткен сабақта мұғалім Үш фигура арқылы топқа бөліп, сабақтың басынды өткенді еске түсіру мақсатында «Қоржындағы сұрақтар» арқылы өткенді пысықтау жүргізді.Сабақта топтық және жеке жұмыс түрлері ұйымдастырылды. Сабақтың әр кезеңіне бөлінген уақыт сақталды. Сергіту сәтін логикалық сұрақтар қою арқылы жүргізді. Жеке білім алушылармен жұмыс таратпа материалдар арқылы орындалды. Оқушыларды тақтаға шығарып, жауаптың







25 сәуір күні жас педагогтердің біліктілігін, жан - жақты өз кәсібінің шебері екендігін сынау арқылы, оларды іскерлікке, мәдениеттілікке, өз кәсібіне үлкен жауапкершілікпен қарауға бар күш жігерін жұмсауға баулу мақсатында мектепішілік «Жарқын болашақ кепілі- жас маман» атты байқау өтті. Анас Алмасұлы осы байқауға қатысты. Үш кезеңнен тұратын байқауда жүлделі І орынды иеленіп алдағы уақытта өтетін аудандық жас мамандар байқауына жолдама алды.





Жас маманмен жұмыс жүргізуде алдағы уақытта төмендігі міндеттер қойылды:

-Жас маманға оқу іс-әрекетін өткізуге үздіксіз көмек беріп отыру.

-Өткізілетен әрбір шараға шығармашылық тақырыбы бойынша әдістемелік көмек беру.

-Тәлімгердің оқу іс-әрекеттеріне қатысып тәжірибе алмасып отыру.

- жас педагог құзыреттілігін дамыту мәселелері бойынша зияткерлік және зерттеу және тәжірибелік кезеңінде сабаққа қажетті тиімді әдістерін дұрыс жолмен бағыттау, оқушылармен жұмыс істеу деңгейінде әртүрлі ынталандыруды қамтамасыз ету; оқушылардың бүкіл сабақ бойы рефлексия мен өзін-өзі бақылауын ұйымдастыру.

Тәлімгер: Қ. И. Алтаева

**«Бірлік орта мектебі» мкм бойынша 2023-2024 оқу жылының**
**ІІ- тоқсанында жас маманмен жүргізілген жұмыс туралы**
**Хабарлама**
**Жас маман: Ноғайбай Анас Алмасұлы- математика пәнінің мұғалімі.**

2023-2024 оқу жылының ІІ тоқсанында жас маманмен жұмыс жоспар бойынша жүргізілді.
Күнделікті жұмыс формаларын өзгерте отырып, алдыға қойылған мақсатқа жетуде нәтижеге бағытталған тапсырмалар берілді. Жас маман тәлімгердің сабағына қатысып, өз ойымен бөлісті. Тәлімгер ретінде Анастың бірнеше сабағына қатыстым.
8 қараша күні 8 «Λ» сыныбында «Квадрат теңдеулерді шешу» тақырыбында өткен сабағына қатыстым. Сабақтың бастапқы бөлігінде мұғалім ой қозғау жасап бейнежазба көрсетті. «Пирамидалық талқылау » әдісін қолданып топтық жұмыс орындатып жаңа сабақты түсіндірді. Әр тапсырмадан кейін геометриялық фигуралар арқылы бағалау жүргізіліп, оқулық, тақта, дәптермен жұмыстар орындалды. «Математикалық күнделік» арқылы кері байланыс болды. Жас маманға бағалау критерийлерін нақты қою керек және әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану керек деген ұсыныс айтылды.
6- желтоқсан күні «Теңдеулерді шешу» тақырыбында өткен сабақта мұғалім Үш фигура арқылы топқа бөліп, сабақтың басынды өткенді еске түсіру мақсатында «Қоржындағы сұрақтар» арқылы өткенді пысықтау жүргізді.Сабақта топтық және жеке жұмыс түрлері ұйымдастырылды. Сабақтың әр кезеңіне бөлінген уақыт сақталды. Сергіту сәтін логикалық сұрақтар қою арқылы жүргізді. Жеке білім алушылармен жұмыс таратпа материалдар арқылы орындалды. Оқушыларды тақтаға шығарып, жауаптың дұрыстығын тексертті. Қатемен жұмыс жүргізілді. Кері байланыс геометриялық фигураларды таңдау арқылы жүргізілді.Осы сабақтан кейін жас маман мен тәлімгердің арасында кәсіби сұхбат жүргізілді. Сабақта оқушының жауабын толықтырып отыру және терең ойлануына мүмкіндік беру. Белгілі бір тапсырма ұсынғанда жұмыс алгоритімін ұсыну керектігі айтылды. Жас маманмен сабақ кезеңдеріне қатысты сұрақтардың жауабын талқылап өзара ой бөлістік.

Тәлімгер: Қ. И. Алтаева

# «Бірлік орта мектебі» мкм бойынша жас маманмен өткен коучинг хабарламасы

19 қаңтар 2024 жылы Бірлік орта мектебінің жас маманы Ноғайбай Анас пен басқада мектептің жас ұстаздарымен «Жарқын болашақ иесі- бүгінгі жас маман» тақырыбында коучинг өткізілді. Коучингті жас мамандар мектебінің жетекшісі А.Оспанова мен Ноғайбай Анастың тәлімгері Қ.Алтаева жүргізді. Коучинг үш бөлімнен тұрды. Басы жас мамандарға психологиялық тест жүргізіп, мінездеріне сипаттама берілді.





Орта бөлімі негізгі бөлімінде қысқа мерзімді жоспарды дұрыс құру, жаңа әдіс- тәсілдер мен әртүрлі платформаларды сабақта қолдану туралы бағыт берілді. Әрі қарай теориямыз практикаға үлесіп, жас ұстаздарымыз топтаса отырып қысқа мерзімді жоспар құрып, оны өзара талқылап, тәжірибе алмасты.





Ұстаздық жолдың оңай еместігін түсіндіре отырып, әр түрлі ситуациялық сұрақтар қоя отырып, жас мамандарды тағы бір мәрте шыңдай түстік.

45 минутқа созылған коучинг соңында рефлекция бөлімінде ұстаздар өз ойларын еркін айтып, келесі коучинг қай тақырыпта өткенін , қандай көмекті қажет ететіндіктерін айтты.



Коучинг жүргізген А.Оспанова

Қ.Алтаева